

Мемлекеттік қызметті көрсету регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің 2012 жылғы 24 тамыздағы № 145 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 3 қазанда № 7954 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің 2014 жылғы 10 ақпандағы № 23 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мұнай және газ министрінің 10.02.2014 № 23 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес «Теңізде іздестіру, барлау, қолдану кезіндегі ұңғыманы немесе басқа да ұңғыманы бұрғылауға рұқсат беру» мемлекеттік қызметті көрсету регламенті;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес «Қойнау-қатішілік қысымды қолдау үшін ілеспе және табиғи газды бастырмалатуға рұқсат беру» мемлекеттік қызметті көрсету регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрлігі Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитетінің төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *С. Мыңбаев*
Қазақстан Республикасы
Мұнай және газ министрінің

«Теңізде іздестіру, барлау, қолдану кезіндегі ұңғыманы немесе басқа да ұңғыманы бұрғылауға рұқсат беру» мемлекеттік қызметті көрсету регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «Теңізде іздестіру, барлау, қолдану кезіндегі ұңғыманы немесе басқа да ұңғыманы бұрғылауға рұқсат беру» бойынша мемлекеттік қызметті көрсету регламенті (бұдан әрі – Регламент) «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленген.

Осы Регламентте мына ұғымдар қолданылады:
жауапты орындаушы – міндетіне рұқсат алуға өтініштерді және тиісті материалдарды қарау кіретін лауазымды тұлға;
құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) – уәкілетті органдардың жауапты тұлғалары, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері, мемлекеттік органдар, ақпараттық жүйелер немесе олардың кіші жүйелері;
мемлекеттік қызметті алушы – заңды тұлға.

2. Жалпы ережелер

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік бақылау комитеті (бұдан әрі – Комитет) көрсетеді.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңының 95-бабы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 шілдедегі № 1009 қаулысымен бекітілген «Теңізде іздестіру, барлау, қолдану кезіндегі ұңғыманы немесе басқа да ұңғыманы бұрғылауға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі теңізде іздеу, барлау,

пайдалану ұңғымасын немесе басқа да ұңғыманы бұрғылауға рұқсатты (бұдан әрі – рұқсат) қағаз тасығышта беру немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қағаз тасығышта беру болып табылады.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

6. Мемлекеттік қызметті Комитет: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, 0505 А кабинеті мекенжайы бойынша көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген мереке және демалыс күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) www.mgm.gov.kz ресми интернет-ресурсындағы «Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті» бөлімінде орналастырылады.

Мемлекеттік қызметтің көрсетілуі жөніндегі ақпарат 8 (7172) 97-69-80 телефоны бойынша беріледі.

8. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы Стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тапсырған күнінен бастап 30 жұмыс күні.

9. Стандарттың 11-тармағында көрсетілген тиісті құжаттардың мемлекеттік қызметті алушыда болмауы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіз болады.

10. Құжаттар Министрліктің кеңсесінде кезек бойынша алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз мына мекенжайда: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, 0305 А кабинетінде қабылданады.

Министрлік кеңсесінің жұмыс кестесі еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген мереке және демалыс күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Ғимаратқа кіру рұқсаттама бюросы берген рұқсаттама қағазы бойынша жүзеге асырылады. Рұқсаттама бюросының жұмыс кестесі: еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген мереке және демалыс күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі іс-әрекеттер (өзара іс-қимылдар) тәртібінің сипаттамасы

11. Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш Министрліктің кеңсесімен Бірыңғай электронды құжат айналымы жүйесінде тіркеледі.

Мемлекеттік қызметті алушы құжаттың әзірленгені жөнінде Комитеттің

қызметкерлерімен телефон арқылы немесе электрондық пошта арқылы х а б а р л а н д ы р ы л а д ы .

12. Мемлекеттік қызметті алушылар мемлекеттік қызметті алу үшін Стандарттың 11-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне мынадай ҚФБ қатысады:

- 1) Министрлік кеңсесі;
- 2) Комитет басшылығы;
- 3) Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы;
- 4) Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысы;
- 5) мүдделі уәкілетті органдар.

14. Әрбір ҚФБ әкімшілік іс-қимылдардың (рәсімдердің) орындалу мерзімін көрсеткен әкімшілік іс-қимылдар (рәсімдер) дәйектілігінің сипаттамасы және өзара іс-қимылы осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі әкімшілік іс-қимылдардың қисынды дәйектілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты бейнелейтін схемалар осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

«Теңізде іздестіру, барлау, қолдану кезіндегі ұңғыманы немесе басқа да ұңғыманы бұрғылауға рұқсат беру» бойынша мемлекеттік қызметті көрсету регламентіне 1-қосымша

Әкімшілік іс-қимылдар (рәсімдер) дәйектілігінің сипаттамасы және өзара іс-қимыл

1-кесте. ҚФБ іс-қимылдарының сипаттамасы

Негізгі процестердің іс-қимылдары (барысы, жұмыстар ағыны)					
1	Ис-қимылдардың № (барысы, жұмыстар ағыны)	2	3	4	5
2	ҚФБ атауы	Министрлік кеңсесі	Комитет басшылығы	Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы	Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысы
3	Ис-қимылдардың (процестердің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау	Комитеттің жауапты құрылымдық бөлімшесін белгілеу	Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысын белгілеу	<p>Өтініш пен тиісті материалдарды қарау және келесі іс-қимылдың біреуін орындау</p> <p>Өтінішті әрі қарай қарастыру үшін қабылдау</p> <p>Рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауабы</p>

4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-әкімшілік шешім)	Бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесінде тіркеу	Бұрыштама қою, Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысына жіберу	Бұрыштама қою, Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысына жіберу	Рұқсат әзірлеу	Рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауабын жолдау
5	Орындалу мерзімі	15 минут	Күніне 4 реттен кем емес	Күніне 4 реттен кем емес	5 жұмыс күні	

Негізгі процестердің іс-қимылдары (барысы, жұмыстар ағыны)

1	Іс-қимылдардың № (барысы, жұмыстар ағыны)	7	8	9		
2	ҚФБ атауы	Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы	Комитет басшылығы	Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысы		
3	Іс-қимылдардың (процестердің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Рұқсатпен немесе рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауабымен келісу	Рұқсатқа немесе рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауабына қол қою	Рұқсатты тіркеу журналын жүргізу		
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-әкімшілік шешім)	Рұқсатқа немесе бас тарту туралы дәлелді жауабына бұрыштама қою	Рұқсатқа немесе бас тарту туралы дәлелді жауабына қол қою	Рұқсатты тіркеу журналына жазу және бірінші басшыға немесе оның сенімді өкіліне беру		
5	Орындалу мерзімі	4 сағат	4 сағат	15 минут		

2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі процесс.

Қ Ф Б 1	Қ Ф Б 2	Қ Ф Б 3	Қ Ф Б 4
Министрлік кеңсесі	Комитет басшылығы	Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы	Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысы
№ 1-іс-қимыл өтінішті қабылдау, талон беру, өтінішті тіркеу, өтінішті Комитет басшылығына жолдау	№ 2-іс-қимыл орындау үшін Комитеттің жауапты құрылымдық бөлімшесін анықтау, бұрыштама қою	№ 3-іс-қимыл Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысын анықтау, бұрыштама қою	№ 4-іс-қимыл өтінішті қарау, өтініштің жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңына сәйкестігін анықтау, рұқсатты әзірлеу
	№ 6-іс-қимыл рұқсатқа қол қою	№ 5-іс-қимыл рұқсатпен келісу	№ 7-іс-қимыл рұқсатты тіркеу журналын толтыру және рұқсатты бірінші басшыға немесе сенімді өкіліне беру

3-кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы процесс.


Қ Ф Б 1	Қ Ф Б 2	Қ Ф Б 3	Қ Ф Б 4
Министрлік кеңсесі	Комитет басшылығы	Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы	Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысы
			№ 4-іс-қимыл өтінішті қарау, өтініштің жер қойнауы және

№ 1-іс-қимыл өтінішті қабылдау, талон беру, өтінішті тіркеу, өтінішті Комитеттің басшылығына жолдау	№ 2-іс-қимыл Комитеттің жауапты құрылымдық бөлімшесін орындау үшін анықтау, бұрыштама қою	№ 3-іс-қимыл Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысын анықтау, бұрыштама қою	жер қойнауын пайдалану туралы заңына сәйкестігін анықтау, рұқсат беруден бас тарту туралы хат әзірлеу
	№ 6-іс-қимыл рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауабына қол қою	№ 5-іс-қимыл рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауабымен келісу	№ 7-іс-қимыл рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауабын жолдау

«Теңізде іздестіру, барлау, қолдану кезіндегі ұңғыманы немесе басқа да ұңғыманы бұрғылауға рұқсат беру» бойынша мемлекеттік қызметті көрсету регламентіне
2-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі әкімшілік іс-қимылдардың қисынды дәйектілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты бейнелейтін схемалар

Функционалдық іс-қимылдардың диаграммасы



«Қойнау-қатішілік қысымды қолдау үшін ілеспе және табиғи газды бастырмалатуға рұқсат беру» мемлекеттік қызметті көрсету регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «Қойнау-қатішілік қысымды қолдау үшін ілеспе және табиғи газды бастырмалатуға рұқсат беру» бойынша мемлекеттік қызметті көрсету регламенті (бұдан әрі – Регламент) «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы 9-1-бабының 4-тармағына с ә й к е с э з і р л е н г е н .

Осы Регламентте мына ұғымдар қолданылады:
жауапты орындаушы – міндетіне рұқсат алуға өтініштерді және тиісті материалдарды қарау кіретін лауазымды тұлға;
құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) – уәкілетті органдардың жауапты тұлғалары, мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері, мемлекеттік органдар, ақпараттық жүйелер немесе олардың кіші ж ү й е л е р і ;
мемлекеттік қызметті алушы – заңды тұлға.

2. Жалпы ережелер

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік бақылау комитеті (бұдан әрі – К о м и т е т) көрсетеді.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңының 95-бабы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 шілдедегі № 1009 қаулысымен бекітілген «Қойнау-қатішілік қысымды қолдау үшін ілеспе және табиғи газды бастырмалатуға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі, қойнау-қатішілік қысымды қолдау үшін ілеспе және табиғи газды бастырмалатуға рұқсатты (бұдан әрі – рұқсат) қағаз тасығышта беру немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қағаз тасығышта беру болып табылады.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

6. Мемлекеттік қызметті Комитет: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, 0505 А кабинеті мекенжайы бойынша көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген мереке және демалыс күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

7. Мемлекеттік қызметі туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) www.mgm.gov.kz ресми интернет-ресурсындағы «Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті» бөлімінде орналастырылады.

Мемлекеттік қызметтің көрсетілуі жөніндегі ақпарат 8 (7172) 97-69-80 телефоны бойынша беріледі.

8. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы Стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тапсырған күнінен бастап 30 жұмыс күні.

9. Стандарттың 11-тармағында көрсетілген тиісті құжаттардың мемлекеттік қызметті алушыда болмауы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіз болады.

10. Құжаттар Министрліктің кеңсесінде кезек бойынша алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз мына мекенжайда: 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 19, А блогы, 0305 А кабинетінде қабылданады.

Министрлік кеңсесінің жұмыс кестесі еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген мереке және демалыс күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Ғимаратқа кіру рұқсаттама бюросы берген рұқсаттама қағазы бойынша жүзеге асырылады. Рұқсаттама бюросының жұмыс кестесі: еңбек заңнамасына сәйкес белгіленген мереке және демалыс күндерінен басқа, күн сайын, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі іс-әрекеттер (өзара іс-қимылдар) тәртібінің сипаттамасы

11. Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініш Министрліктің кеңсесімен Бірыңғай электронды құжат айналымы жүйесінде тіркеледі.

Мемлекеттік қызметті алушы құжаттың әзірленгені жөнінде Комитеттің қызметкерлерімен телефон арқылы немесе электрондық пошта арқылы хабарландырылады.

12. Мемлекеттік қызметті алушылар мемлекеттік қызметті алу үшін

Стандарттың 11-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне мынадай ҚФБ қатысады:

- 1) Министрлік кеңсесі;
- 2) Комитет басшылығы;
- 3) Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы;
- 4) Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысы;
- 5) мүдделі уәкілетті органдар.

14. Әрбір ҚФБ әкімшілік іс-қимылдардың (рәсімдердің) орындалу мерзімін көрсеткен әкімшілік іс-қимылдар (рәсімдер) дәйектілігінің сипаттамасы және өзара іс-қимылы осы Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі әкімшілік іс-қимылдардың қисынды дәйектілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты бейнелейтін схемалар осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

«Қойнау-қатішілік қысымды қолдау үшін ілеспе және табиғи газды бастырмалатуға рұқсат беру» бойынша мемлекеттік қызметті көрсету регламентіне
1-қосымша

Әкімшілік іс-қимылдар (рәсімдер) дәйектілігінің сипаттамасы және өзара іс-қимыл

1-кесте. ҚФБ іс-қимылдарының сипаттамасы

Негізгі процестердің іс-қимылдары (барысы, жұмыстар ағыны)					
1	2	3	4	5	
Іс-қимылдардың № (барысы, жұмыстар ағыны)					
2 ҚФБ атауы	Министрлік кеңсесі	Комитет басшылығы	Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы	Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысы	
3 Іс-қимылдардың (процестердің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау	Комитеттің жауапты құрылымдық бөлімшесін белгілеу	Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысын белгілеу	Өтініш пен тиісті материалдарды қарау және келесі іс-қимылдың біреуін орындау	Өтінішті әрі қарай қарастыру үшін қабылдау
Аяқталу нысаны (деректер, құжат, құжат)	Бірыңғай электрондық құжат	Бұрыштама қою, Комитеттің	Бұрыштама қою, Комитеттің құрылымдық		Рұқсат беруден бас тарту

4	ұйымдастыру-әкімшілік шешім)	айналымы жүйесінде тіркеу	құрылымдық бөлімшесінің басшысына жіберу	бөлімшесінің жауапты орындаушысына жіберу	Рұқсат әзірлеу	туралы дәлелді жауабын жолдау
5	Орындалу мерзімі	15 минут	Күніне 4 реттен кем емес	Күніне 4 реттен кем емес	5 жұмыс күні	

Негізгі процестердің іс-қимылдары (барысы, жұмыстар ағыны)

1	Іс-қимылдардың № (барысы, жұмыстар ағыны)	7	8	9
2	ҚФБ атауы	Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы	Комитет басшылығы	Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысы
3	Іс-қимылдардың (процестердің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Рұқсатпен немесе рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауабымен келісу	Рұқсатқа немесе рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауабына қол қою	Рұқсатты тіркеу журналын жүргізу
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-әкімшілік шешім)	Рұқсатқа немесе бас тарту туралы дәлелді жауабына бұрыштама қою	Рұқсатқа немесе бас тарту туралы дәлелді жауабына қол қою	Рұқсатты тіркеу журналына жазу және бірінші басшыға немесе оның сенімді өкіліне беру
5	Орындалу мерзімі	4 сағат	4 сағат	15 минут

2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі процесс.

Қ Ф Б Министрлік кеңсесі	1	Қ Ф Б Комитет басшылығы	2	Қ Ф Б Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы	3	Қ Ф Б Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысы	4
№ 1-іс-қимыл өтінішті қабылдау, талон беру, өтінішті тіркеу, өтінішті Комитеттің басшылығына жолдау		№ 2-іс-қимыл Комитеттің жауапты құрылымдық бөлімшесін орындау үшін анықтау, бұрыштама қою		№ 3-іс-қимыл Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысын анықтау, бұрыштама қою		№ 4-іс-қимыл өтінішті қарау, өтініштің жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңына сәйкестігін анықтау, рұқсатты әзірлеу	
		№ 6-іс-қимыл рұқсатқа қол қою		№ 5-іс-қимыл рұқсатпен келісу		№ 7-іс-қимыл рұқсатты тіркеу журналын толтыру және рұқсатты бірінші басшыға немесе сенімді өкіліне беру	

3-кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы процесс.

Қ Ф Б Министрлік кеңсесі	1	Қ Ф Б Комитет басшылығы	2	Қ Ф Б Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы	3	Қ Ф Б Комитеттің құрылымдық бөлімшесінің жауапты орындаушысы	4
№ 1-іс-қимыл өтінішті қабылдау, талон		№ 2-іс-қимыл Комитеттің жауапты		№ 3-іс-қимыл Комитеттің құрылымдық		№ 4-іс-қимыл өтінішті қарау, өтініштің жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңына сәйкестігін анықтау, рұқсат беруден	

беру, өтінішті тіркеу, өтінішті Комитеттің басшылығына жолдау	құрылымдық бөлімшесін орындау үшін анықтау, бұрыштама қою	бөлімшесінің жауапты орындаушысын анықтау, бұрыштама қою	бас тарту туралы хат әзірлеу
	№ 6-іс-қимыл рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауабына қол қою	№ 5-іс-қимыл рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауабымен келісу	№ 7-іс-қимыл рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауабын жолдау

«Қойнау-қатішілік қысымды қолдау үшін ілеспе және табиғи газды бастырмалатуға рұқсат беру» бойынша мемлекеттік қызметті көрсету регламентіне 2-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі әкімшілік іс-қимылдардың қысымды дәйектілігі мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты бейнелейтін схемалар



